# Қош келдің, бірінші оқырман!

**Кітап - біздің рухани байлығымыз, жан азығымыз. Кітап адам өмірінде маңызды рөл атқарады. Ол елді, жерді сүюге талапты, кішіпейіл болуға мейірімділікке төзімділікке баулиды. Кітап жаман әдеттерден аулақ болуға үйретеді.**



Кітап оқу дегеніміз – оқырманның рухани өмірінің бір жағы. Бар білім де , ақылдың нұр сәулесі де кітаптан тараған «Өткірдің жүзі, кестенің бізі , өрнегін сендей сала алмас» - деп ұлы Абай атамыз таңырқап, тағзым еткен де осы қасиетті тіліміз бен кітабымыз.

Бар білімнің патшасын тек кітаптан ғана таба алатынымызды ұмытпайық – деп, қаңтардың алғашқы күндерінде № 2 облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының балалар әдебиеті бөлімі алғашқы оқырманын қабылдады. Бұл мерекеге орай кітапхана іші безендіріліп, кітапханашылар ертегілер әлеміне бүлдіршіндерді саяхатқа шақырды. Оқырмандар алуан түрлі кітаптармен және кітап кейіпкерлерімен танысып, қазақтың «Алтын сақа»,«Ұр тоқпақ», «Тазша бала» ертегілерінен қойылған сұрақтарына жауап берді.

2018 жылдың «Бірінші оқырманы» деген атаққа № 4 орта мектебінің даярлық сынып оқушысы Сұлтанбек Исабеков ие болды. Анасының тәрбиесімен кітап оқуға деген құлшынысы өте жоғары. Олай болса, біз кішкентай бүлдіршіндерімізді үнемі компьютер мен ұялы телефонда отырмай, оларды өз мөлшері мен уақытында ғана қолдануға үйретейік. Тіл мәдениетін, сөйлеу мәдениетін жақсы білгіміз келсе «кітап оқиық» дегіміз келеді. Кітапты көбірек оқуға шақырамыз.

**Жұлдыз ҚАСЫМБЕКҚЫЗЫ,**
**№2 ОӘҒК балалар әдебиеті бөлімінің кітапханашысы.**

Қасымбекқызы Жұлдыз. Қош келдің бірінші оқырман! [Мәтін]/ Ж. Қасымбекқызы// Торғай. – 2018. – 19 қантар. – Б.3



Ділназ ЖЕҢІСБЕКҚЫЗЫ

**Достар, біз ерлік, батырлық , кайсарлық туралы не білеміз?**

Әдетте біз батырлар жырынан, ертегі немесе мультфильмдерден өте кайсар, батыр , ерік-жігері мыкты тұлғаларды көреміз. Сол батырларға еліктегіміз де келеді. Ал кайсар жанды өмірде көру, мүлде баска сезім екен. Сондай жандардың бірі – тағдырына мойымаған, кайсар аға Қызылордалық Нұрмұхаммед Әбілқасымов.

Өзі туралы ақын:

Аузымменен сурет салып, атқа мінем,
Екі жүз елдің астанасын жатка білем.
Шахмат, дойбы айкас тактасында,
Жеңіс үшін нак жүрем, накпа жүрем...
Бойыма сыйғанынша кесілер ем.
Әттең – ай аяғымнан бір тұрғызса,
Тағдырдың бар иттігін кешірер ем, – деп жырлайды.

Арбаға таңылса да казіргі таңда жоғары оқу орнының студенті.

Аузына каламды тісеп отырып отанды сүюді, тілге, ұлтка деген патриоттық сезімнің жоғары болуын жазады. Оның өлеңдерінен жастарға еңбек етуге, жалкау болмауға, білім алу үшін ерiншек болмауға үйрететінін көрдім.

Достар, бейбіт, тәуелсіз мемлекетімізде біз білім алуға ерінбейік, кайсар жандарды үлгі тұтайық.

## *Қош келдің, бірінші оқырман!*



Кітап - біздің рухани байлығымыз, жан азығымыз. Кітап адам өмірінде маңызды рөл атқарады. Ол елді, жерді сүюге талапты, кішіпейіл болуға мейірімділікке төзімділікке баулиды. Кітап жаман әдеттерден аулақ болуға үйретеді. Кітап оқу дегеніміз – оқырманның рухани өмірінің бір жағы. Бар білім де , акылдың нұр сәулесі де кітаптан тараған «Өткірдің жүзі, кестенің бізі, өрнегін сендей сала алмас» - деп ұлы Абай атамыз таңыркап, тағзым еткен де осы касиетті тіліміз бен кітабымыз. Бар білімнің патшасын тек кітаптан ғана таба алатынымызды ұмытпайық – деп, биылғы жылдың алғашкы күндерінде № 2 облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының балалар әдебиеті бөлімі алғашкы оқырманын кабылдады. Бұл мерекеге орай кітапхана іші безендіріліп, кітапханашылар ертегілер әлеміне бүлдіршіндерді саяхатка шакырды. Окырмандар алуан түрлі кітаптармен және кітап кейіпкерлерімен танысып, қазактың «Алтын сака»,«Ұр тоқпақ», «Тазша бала» ертегілерінен койылған сұрактарына жауап берді.

2018 жылдың «Бірінші оқырманы» деген атакка № 4 орта мектебінің даярлық сынып окушысы Исабеков Сұлтанбек ие болды. Анасының тәрбиесімен кітап окуға деген құлшынысы өте жоғары. Біз кішкентай бүлдіршіндерімізді үнемі компьютер мен ұялы телефонда отырмай, оларды да өз мөлшері мен уакытында ғана қолдануға үйретейік. Тіл мәдениетін, сөйлеу мәдениетін жақсы білгіміз келсе «кітап окиық» дегіміз келеді. Кітапты көбірек окуға шақырамыз.

**Жұлдыз Қасымбекқызы,**
*№2 ОӘҒК-ң балалар әдебиеті бөлімінің кітапханашысы, Арқалық қаласы.*



Қасымбекқызы, Жұлдыз. Қош келдің, бірінші оқырман! [Мәтін] : [кітапханадағы бірінші оқырманға арналған іс-шара] / Жұлдыз Қасымбекқызы // Періште. – 2018.- № 1. - 24 б.

# Қош келдің, бірінші оқырман!



Кітап – біздің рухани байлығымыз, жан азығымыз. Кітап адам өмірінде маңызды рөл атқарады. Ол елді, жерді сүюге, талапты, кішіпейіл болуға, мейірімділікке, төзімділікке баулиды. Кітап жаман әдеттерден аулақ болуға үйретеді. Кітап оқу – оқырманды рухани көркейтеді. Бар білім де , ақылдың нұр сәулесі де кітаптан тараған. «Өткірдің жүзі, кестенің бізі, өрнегін сендей сала алмас». – деп ұлы Абай атамыз таңырқап, тағзым етнен де осы қасиетті тіліміз бен кітабымыз. Бар білімнің патшасын тек кітаптан ғана таба алатынымызды ұмытпайық. Сол кітаптарды сақтайтын қазыналы қойманың бірі – біздің № 2 облыстық әмбебап ғылыми кітапхана.

Қаңтардың алғашқы күндерінде мекемеміздің балалар әдебиеті бөлімі алғашқы оқырманын қабылдады. Бұл мерекеге орай кітапхана іші безендіріліп, кітапханашылар ертегілер әлеміне бүлдіршіндерді саяхатқа шақырды. Оқырмандар алуан түрлі кітаптармен және кітап кейіпкерлерімен танысып, қазақтың «Алтын сақа», «Ұр тоқпақ», «Тазша бала» ертегілерінен қойылған сұрақтарға жауап берді.

2018 жылдың «Бірінші оқырманы» деген атаққа №4 орта мектептің даярлық сыныбы оқушысы Сұлтанбек Исабеков ие болды. Анасының тәрбиесі шығар, оның кітап оқуға деген құлшынысы өте жоғары екені байқалды. Олай болса, балалар, үнемі компьютер мен ұялы телефонға тәуелді болмай, оларды да өз мөлшері мен уақытында ғана қолдануға үйренейік. Тіл мәдениетін, сөйлеу мәдениетін жақсы білгіміз келсе, кітапты көбірек оқиық.

***Жұлдыз Абжанова,***
***балалар әдебиеті бөлімінің кітапханашысы,***
***№2 облыстық әмбебап ғылыми кітапхана,***
***Арқалық қаласы.***



*«Кешкі әуен»*
*Жанат Садақбаев,*
*6 «А» сынып оқушысы,*
*№5 орта мектеп,*
*Мұнайшы ауылы,*
*Қарақия ауданы,*
*Маңғыстау облысы.*



Қасымбекқызы, Жұлдыз. Қош келдің, бірінші оқырман! [Мәтін] : [кітапханадағы бірінші оқырманға арналған іс-шара] / Жұлдыз Қасымбекқызы // Бала бі. – 2018. - № 1. - 31 б.

# ҚОШ КЕЛДІҢ, БІРІНШІ ОҚЫРМАН!



*Абжанова Жұлдыз Қасымбекқызы*
*№ 2 облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының балалар әдебиеті бөлімінің кітапханашысы*
*Арқалық қаласы*

Қасымбекқызы, Жұлдыз. Қош келдің, бірінші оқырман! [Мәтін] / Жұлдыз Қасымбекқызы // Балбұлақ. – 2018. - № 2. - 7 б.

e-mail: kostanaytany@mail.ru www.kostanaytany.kz

# Қостанай таңы

Облыстық газет 1922 ж. 25 маусымнан шыға бастады

31 қаңтар 2018 ж. сәрсенбі №12 (18660)

# Біліктілік – басты көрсеткіш



Елбасының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауымен танысып шығып, болашаққа жаңаша қарау, жаңаша ойлау керектігін байқадық. Нақты айтқанда бұл Жолдау – заман талабы тудырған туынды іспеттес. Қоғам құбылып, желдей жылдамдықпен өзгеріп барады. Жаңамыз жаһандануға, ескіміз ескерусіз қалғандай. Демек, бұл үрдіске тек төтеп беру керек. Ол үшін әрине, еліміздің дамуында ұлттық құндылықтарымызға табан тіреу қажет. Сол ұлтты, сол мемлекетті құрайтын кім, әрине адамдар.

Міне, Елбасы Жолдауындағы басымдық берілген міндеттердің бірі – адами капитал болып отыр. Адами капиталдың жаңа сапасы бүгінгі күннің айтар мәселесі екені даусыз. Дәл осы тұс жаңа Жолдауда былайша келтірілген: «Өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сондай-ақ заманына лайық, шет тілдерін меңгерген, озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандық біздің қоғамымыздың идеалына айналуға тиіс». Қай қоғамда болмасын, жастардың бет түзейтін идеалы болуы болашақ үшін маңызды десек, Елбасы Жолдауында қандай адам мемлекеттің құнды капиталы бола алатынын қадап көрсетіп берді.

Елбасы өз Жолдауында мұғалім мәртебесіне ерекше тоқталып кетеді. Бұл құптарлық. Себебі бала тәрбиелейтін мұғалімнің білікті болуы – басты міндет. Мәдениет қызметкерлері, кітапханашылар біз де өзімізді осы ұрпақ тәрбиелеу, бесіктегі баладан, еңкейген қарияларға дейін білім нәрімен сан саланы сусындатып отырған ұстаздармен бірдей ұстаймыз. Атымыз аталып, түріміз түстелмесе де, бұл міндет ортақ деп ойлаймыз. Яғни, жалпы алғанда Жолдауда көрсетілген жетінші міндетте атап көрсетілген заман талабына сай білікті адами капиталдың құндылығы туралы айтылады. «Біз саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісімнің арқасында экономикамызды, саясатымызды және санамызды жаңғырта алдық» деген еді Жолдауда.

Ендеше, алдағы уақытта жаңа заманға сай болуы үшін жаңа бағыт – Қазақстан жаңғыруының жүйелі үш тұғырын негізге алуды ұсынды. Негізінен, биылғы Жолдау міндеті «Рухани жаңғыру» тағы басқа бағдарламаларда көрсетілген бағыттардың жалғасы. Сондықтан, Елбасының бұл Жолдауы – заманға сай тарихи өрлеу дәуіріне бастайтын, барлығымызды, әрбір ұжымды ортақ мақсат жолына жұмылдыратын маңызды құжат.

**Алма НҰРМАНОВА,**
**№2 облыстық ғылыми-әмбебап кітапхананың бөлім меңгерушісі.**
Арқалық қаласы.

Нұрманова, А. Біліктілік басты көрсеткіш [Мәтін]/А. Нұрманова// Қостанай таны. – 2018. – 31 қантар. – Б.4

№ 2,
ақпан – наурыз,
2018 жыл.

3 айда 2 рет шығады.

Басылым 2005 жылдың
қаңтар айынан шыға
бастады.

Журнал Қазақстан
Республикасы Ақпарат
Министрлігінде
16. 06. 2004 ж. тіркеліп,
№ 5149 - ж тіркеу туралы
куәлігі берілген

Бас редактор
Жәнібек ҚОЙТАЙ

Құрылтайшы:
«Алуа» ЖШС-і.

Директоры
Қызырәлі ҚОЙТАЙ

Редакцияның
мекен-жайы:
050061. Алматы қаласы,
Өтеген батыр көшесі,
үй № 5 «г»

Электронды пошта –
Alua08@List.ru
Байланыс телефоны:
381 – 79 - 74.

Журнал редакцияның
компьютерлік
орталығында терілік,
беттеліп, дайын
диапозитив бойынша
«Үш қиян» ЖШС-нің
баспаханасында
басылды.

Мекен-жайы:
Алматы қаласы,
Зенков көшесі,
үй № 13
Таралымы 3000 дана.
Тапсырыс № 17



# КІТАП — рухани жаңғыру құралы

«Рухани жаңғыру» аясында № 2 Қостанай облыстық ғылыми әмбебап кітапханасының Балалар әдебиеті бөлімі мен мектеп кітапханаларының бірлесе ұйымдастыруымен балалар кітап апталығы өтті.

Шара Ш. Уәлиханов атындағы №1 мектепте ашылу салтанатымен басталып, өзге мектептерде жалғасын тапты. А. Құнанбаев атындағы № 6 мектептің 3 «в» сынып оқушылары және сынып жетекшісі Салуова Жанар балалар кітап апталығын ашып берді. Балалар мерекелік бағдарламада ойын ойнап викториналық сұрақтарға жауап берді. Жеңімпаздарға сыйлықтар таратылды.

Апталықтың екінші күні № 4 мектеп кітапханашыларының ұйымдастыруымен «Астана – еліміздің жүрегі, – Астана – сердце нашей страны» атты тақырыпта өлеңдерден сайыс, көрініс және музыкалық нөмірлер қойылды. Үшінші күні № 4 мектепте, №2 мектептің ұйымдастыруымен «По следам сказок Шарля Перро» тақырыбында әдеби мереке болды. Ы. Алтынсарин атындағы гимназияның 5 сынып оқушылары «Күлше-қыз» ертегісінен ағылшын тілінде көрініс қойса, № 2 мектептің оқушылары «Қызыл телпек» ертегісін сахналады. Төртінші күні А. Құнанбаев атындағы № 6 мектептің кітап-ханашыларының ұйымдастыруымен



М. Қабанбаевтың 70, М. Әлімбаевтың 95, Е. Өтетілеуовтың 80 жылдық мерейтойларына арналған «Бақытты балалар жыршылары» шығармаларынан әдеби компожай өтті және соңынан балалар жазушыларының шығармашылық өмірімен көрме-викторина жасалды. Марат Қабанбаевтың «Бауырым» деген шығармасынан оқушылар көрініс қойды.

Кеш соңында белсене атсалысқан оқырмандарымызға, қалалық мектеп кітапханашыларына, № 6 мектептің 3 «в» сынып оқушылары, сынып жетекшісі Жанар Салуоваға ерекше алғыс білдіріп, мақтау қағаздарымен марапатталды.

**Марал ӘСКЕРБАЙҚЫЗЫ,**
**№ 2 ОӘҒК Балалар бөлімінің қызметкері.**
**Қостанай облысы, Арқалық қаласы.**



**Балақай, мына суреттерге қарап отырып балапанның суретін салғанды үйренейік.**





Марал Әскербайқызы. Кітап – рухани жаңғыру құралы [Мәтін]/ М. Әскербайқызы//Алақай, балақай.- 2018. - № 2. – 14 б.

қалалық апталық газет

# ТОРҒАЙ

№ 4(1050)
2 ақпан
жұма
2018 жыл

torgay.gazeta@mail.ru

www.arknews.kz

еженедельная городская газета

## Жарқын болашаққа жаңа бағыт

**Елбасының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауымен танысып шығып, болашаққа жаңаша қарау, жаңаша ойлау керектігін байқадық. Жаңа дәуірдің дербестігін сезіндік. Нақты айтқанда бұл Жолдау – заман талабы тудырған туынды іспеттес. Қоғам құбылып, желдей жылдамдықпен өзгеріп барады. Жаңамыз жаһандануға, ескіміз ескерусіз қалғандай кезге келгендейміз. Демек, бұл үрдіске тек төтеп беру керек. Ол үшін әрине, еліміздің дамуында ұлттық құндылықтарымызға табан тіреу қажет. Сол ұлтты, сол мемлекетті құрайтын кім, әрине адамдар.**

Міне, Елбасы Жолдауындағы басымдық берілген міндеттердің бірі де, көлемді тоқталғаны да осы Жолдаудағы жетінші міндет адами капитал болып отыр. Адами капиталдың жаңа сапасы бүгінгі күннің айтар мәселесі екені даусыз. Дәл осы тұс жаңа Жолдауда былайша келтірілген «Өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сондай-ақ заманына лайық, шет тілдерін меңгерген, озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандық біздің қоғамымыздың идеалына айналуға тиіс». Қай қоғамда болмасын жастардың бет түзейтін идеалы болуы болашақ үшін маңызды десек, Елбасы Жолдауында қандай адам мемлекеттің құнды капиталы бола алатынын қадап көрсетіп берді.

Жарқын болашағымыздың құнды кілті - қазіргі жаңа технологияларды меңгерген, сонымен бірге кешегісін бүгінгісінен биік дейтін, салты мен дәстүрін,тарихы мен тамырын білетін жаңаша жалынды жастарда. Сол адами капиталды дайындап, болашағына жол сілтейтін, келешегімізді кемел біліммен сусындататын ұстаздар қауымы.

Елбасы өз Жолдауында мұғалім мәртебесіне ерекше тоқталып кетеді. Бұл қоштарлық құбылыс. Себебі бала тәрбиелейтін мұғалімнің білікті болуы - басты міндет. Мәдениет қызметкерлері, кітапханашылар біз де өзімізді осы ұрпақ тәрбиелеу, бесіктегі баладан, еңкейген қарияларға дейін білім нәрімен сан саланы сусындатып отырған ұстаздармен бірдей ұстаймыз. Атымыз аталып, түріміз түстелмесе де бұл міндет ортақ деп ойлаймыз. Яғни, жалпы алғанда Жолдауда көрсетілген 10 басты міндеттің ең негізгісі де осы - жетінші басымдық, жетінші міндет. Олай деуге негізгі себеп - барлық он міндетті де осы жетінші міндетте атап көрсетілген заман талабына сай жетілген білікті адами капитал жүзеге асыра алады. «Біз саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісімнің арқасында экономикамызды, саясатымызды және санамызды жаңғырта алдық» деген еді Жолдауда.

Ендеше алдағы уақытта жаңа заманға сай болуы үшін жаңа бағыт - Қазақстан жаңғыруының жүйелі үш тұғырын негізге алуды ұсынды. Негізінен, биылғы Жолдау міндеті «Рухани жаңғыру» тағы басқа бағдарламаларда көрсетілген бағыттардың заңды жалғасы, жаңа заман талабы дейміз.

Сондықтан Елбасының бұл Жолдауы - заманға сай тарихи өрлеу дәуіріне бастайтын, барлық елімізді, қала тұрғындарын, әрбір ұжымды ортақ мақсат жолына жұмылдыратын маңызды құжат.

**Алма НҰРМАНОВА,**
**Облыстық №2 ғылыми - әмбебап кітапхананың «Оқу залы» бөлімінің меңгерушісі.**

Нұрманова, А. Жарқын болашаққа жаңа бағыт [Мәтін]/А. Нұрманова// Торғай. – 2018. – 2 ақпан. – Б.3

# Жарқын болашаққа жаңа бағыт

**Елбасының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауымен танысып шығып, болашаққа жаңаша қарау, жаңаша ойлау керектігін байқадық. Жаңа дәуірдің дербестігін сезіндік. Нақты айтқанда бұл жолдау – заман талабы тудырған туынды іспеттес. Қоғам құбылып, желдей жылдамдықпен өзгеріп барады. Жаһамыз жаһандануға, ескіміз ескерусіз қалғандай кезге келгендейміз. Демек, бұл үрдіске тек төтеп беру керек. Ол үшін әрине, еліміздің дамуында ұлттық құндылықтарымызға табан тіреу қажет.**

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Сол ұлтты, сол мемлекетті құрайтын кім, әрине адамдар. Міне, Елбасы Жолдауындағы басымдық берілген міндеттердің бірі де, көлемді тоқталғаны да осы Жолдаудағы жетінші міндет адами капитал болып отыр. Адами капиталдың жаңа сапасы бүгінгі күннің айтар мәселесі екені даусыз. Дәл осы тұс жаңа Жолдауды былайша келтірілген - «Өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сондай-ақ заманына лайық, шет тілдерін меңгерген, озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандық біздің қоғамымыздың идеалына айналуға тиіс». Қай қоғамда болмасын жастардың бет түзейтін идеалы болуы болашақ үшін маңызды десек, Елбасы Жолдауында қандай адам мемлекеттің құнды капиталы бола алатынын қадап көрсетіп берді. Жарқын болашағымыздың құнды кілті қазіргі жаңа технологияларды меңгерген, сонымен бірге кешегісін бүгінгісінен биік дейтін, салты мен дәстүрін, тарихы мен тамырын білетін жаңаша жалынды жастарда. Сол адами капиталды дайындап, болашағына жол сілтейтін, келешегімізді кемел біліммен сусындататын ұстаздар қауымы. Елбасы өз Жолдауында мұғалім мәртебесіне ерекше тоқталып кетеді. Бұл қоштарлық құбылыс. Себебі бала тәрбиелейтін мұғалімнің білікті болуы басты міндет. Мәдениет қызметкерлері, кітапханашылар біз де өзімізді осы ұрпақ тәрбиелеу, бесіктегі баладан, еңкейген қарияларға дейін білім нәрімен сан саланы сусындатып отырған ұстаздармен бірдей ұстаймыз. Атымыз аталып, түріміз түстелмесе де бұл міндет ортақ деп ойлаймыз. Яғни, жалпы алғанда Жолдауда көрсетілген 10 басты міндеттің ең негізгісі де осы – жетінші басымдық, жетінші міндет. Олай деуге негізгі себеп – барлық он міндетті де осы жетінші міндетте атап көрсетілген заман талабына сай жетілген білікті адами капитал жүзеге асыра алады. «Біз саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісімнің арқасында экономикамызды, саясатымызды және санамызды жаңғырта алдық» деген еді Жолдауда. Ендеше алдағы уақытта жаңа заманға сай болуы үшін жаңа бағыт Қазақстан жаңғыруының жүйелі үш тұғырын негізге алуды ұсынды. Негізінен, биылғы Жолдау міндеті «Рухани жаңғыру» тағы басқа бағдарламаларда көрсетілген бағыттардың заңды жалғасы, жаңа заман талабы дейміз.

Сондықтан Елбасының бұл Жолдауы – заманға сай тарихи өрлеу дәуіріне бастайтын, барлық елімізді, қала тұрғындарын, әрбір ұжымды ортақ мақсат жолына жұмылдыратын маңызды құжат.

Алма ЖАҚСЫЛЫҚҚЫЗЫ,
№2 ОӘГК оқу залы бөлімінің меңгерушісі

Нұрманова, А. Жарқын болашаққа жаңа бағыт [Мәтін]/А. Нұрманова// Arqalyk habary. – 2018. – 9 ақпан. – Б.3



# Қаламы ұшқыр журналист

**Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасында әдістеме-библиография бөлімінің ұйымдастыруымен қарымды журналист Жақсылық Жүнісұлының 75 жылдық мерейтойына арналған «Қаламы ұшқыр журналист» атты жаднаманың тұсау кесері өтті.**

Әсем Қабдуалиқызы.Қаламы ұшқыр журналист [Мәтін]/Ә. Қабдуалиқызы// Arqalyk habary. – 2018. – 7 наурыз. – Б.6

# «Мақсаты мәңгі жасампаз елім – Қазақстан»

**Арқалық қаласындағы облыстық №2 әмбебап - ғылыми кітапханасының оқу залы бөлімі Елбасының «Төртінші өнеркәсіп революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты халыққа дәстүрлі Жолдауын оқырман қауымға насихаттау, Жолдаудың ел дамуына тигізер пайдасы мен онда көрсетілген орындалуға тиісті он міндеттің маңыздылығын түсіндіру мақсатында «Мақсаты мәңгі жасампаз елім – Қазақстан» атты үш бөлімнен тұратын көлемді тақырыптық жылдық көрме ұйымдастырып, көрменің тұсаукесерін өткізді.**

Кешке қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Жәнібек Ғапбасұлы, қалалық мәдениет сарайының директоры Алмагул Сейтжанқызы, Арқалық қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің бас маманы Азамат Маратұлы және Арқалық медицина колледжінің қызметкері Әсел Серікқызы қатысып, сөз сөйледі. Іс-шара барысында жылдық тұрақты кітап көрмесінің тұсаукесер рәсімі Жәнібек Ғапбасұлы мен Азамат Маратұлына берілді.

Сондай – ақ экраннан елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың жолдауының 10 міндеттері жайлы бейнебаян көрсетілді.

Кешті қорытындылаған кітапхана басшысы Қазына Байсабекқызы қаламыздың құрметті азаматы Жәнібек Ғапбасұлының 70 жас мерейтойымен кітапхана ұжымы атынан құттықтап, жылы лебізін білдіріп, кішігірім сый – сыяпат табыстады.

Іс – шараға қатысушылар Елбасының Жолдауынын шығу тарихы мен міндеттерімен танысып, көптеген мәліметтер алып, көтеріңкі көңіл күйімен тарқасты.

**«Торғай - ақпарат»**

Көшкінбай, С. «Мақсаты мәңгі жасампаз елім-Қазақстан» [Мәтін] / С. Көшкінбай // Торғай. – 2018. – 7 наурыз. – Б.3

# Пай-пай қазақтың келіндері - ай!..

**Қалалық Мәдениет сарайының ұйымдастыруымен Арқалық қазақ жасөспірімдер театрында Халықаралық әйелдер күніне арналған «Пай-пай қазақтың келіндері - ай» атты қалалық келіншектер байқауы өтті.**



Пай-пай, қазақтың келіндері-ай! Әдемі де әдепті, инабатты да ибалы келіндерімізбен қалай мақтансақ та жарасымды. Ұлтымыздың салт-дәстүрінің ұлықтаушысы – осы келіндер. Халқымызда «Келіні жақсы үйдің керегесі - алтын» деген де дана сөз бар.

Осы орайда 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесіне орай ақылына көркі сай, сымбатына сұлулығы сайкес келетін, он саусағынан өнер тамған зейінділік пен ізеттілікті, инабаттылық пен парасаттылық қасиеттерін бойына сіңірген үлгілі келін, ақылды ана, сүйікті жар бола білген, әр салада қызмет етіп жүрген келіндердің әдет - ғұрпын халыққа таныстырып, насихаттау мақсатында сайыс ұйымдастырылды.

Аталмыш сайыстың ұрпаққа берер ұлағаты қай жағынан болса да мол болды. Қаламыздан қатысқан сегіз үміткер келіннің бәрі де бірінен-бірі өткен сұлу да көркем, он саусағынан өнері тамған шебер, үлкенді сыйлап, кішіні құрметтеген жандар болып шықты. Келіндер бес түрлі кезең бойынша сынға түсті. Бұлар: өзін-өзі таныстыру, сұрақ-жауап сайысы, қазақтың ұлттық тағамдарынан әзірлеу, өз өнерін көрсету, сән үлгісі.

Келіндер жақсы дайындықпен келіп, өз өнерлерін ортаға паш етіп, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Сайыста ене көзімен қарағандай, ене сөзімен сынағандай, төрде төрелік еткен әділқазы мүшелеріне ҚР Білім беру ісінің үздігі, еңбек ардагері, қалалық аналар кеңесінің төрайымы, көп балалы ана Бақытжамал Қалтаева бастаған, қаламызға белгілі де, беделді қызметтегі үлгілі ана бола білген нәзік жандар тартылды. Олар келіндеріміздің өзін-өзі ұстауы мен ширақтығына, сабырлығы мен ақылдылығына, сөз саптауына ерекше мән берді. Дегенмен әрбір қатысушы оқ бойы озып шығуға тырысып бақты. Бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеткен қасиет бойынан табылған келіндердің қазақтың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі, ұлттық тағам түрлерін әзірлеу, өз-өнерлерін көрсету нәтижесінде барлық үміткерлердің өнері бағаланды. Атап айтқанда Армангүл Батырғалиева - «Өнерлі келін», Самал Бекмағамбетова - «Үлгілі келін», Аида Қазихан - «Ибалы келін», Марал Ермағанбетова - «Сымбатты келін» аталымдарын иеленді. Ал жүлделі I орынды Нұргүл Шәкірова, II орынды Тоғжан Досымова, III орынды 2 үміткер Асылай Қабылдина мен Аруна Ешмағалиева бөлісті. Сондай-ақ барлық қатысушы үміткерлер марапатталып, оларға бағалы сыйлықтар табыс етілді. Сайыс өте жоғары деңгейде, тартысты да, қызықты өтіп, көрермендер өз алғыстарын білдіріп, ризашылықпен тарқасты.

**Меңдігүл**
**ҚАЙСАРБЕКҚЫЗЫ,**
**қалалық Мәдениет сарайының музыка жетекшісі.**

Қайсарбекқызы, Меңдігүл. Пай-пай қазақтың келіндері – ай! [Мәтін] : [қалалық мәдениет сарайының ұйымдастыруымен өткізілген байқау] / Меңдігүл Қайсарбекқызы // Торғай. – 2018. – 16 наурыз. – Б. 7.

# Қаламы ұшқыр журналист

**Облыстық № 2 әмбебап - ғылыми кітапханасында әдістеме-библиография бөлімінің ұйымдастыруымен Қазақстанның құрметті журналисі Жақсылық Жүнісұлының 75 жылдық мерейтойына арналған «Қаламы ұшқыр журналист» атты жадынаманың тұсаукесері өтті.**

Іс- шараның мақсаты: оқырманға жарты ғасыр бойы қалтқысыз қызмет еткен қаламгердің өмірі мен еңбек жолын таныстырып, шығармашылық еңбектерін насихаттау.

Іс-шараны, жаднаманы өңдеп құрастырушы, кітапхана библиографы Сәуле Ғалымжанқызы жүргізіп отырды. Жаднаманың I бөлімі - «Өмір: өткендері мен жеткендері» деп аталды. Бұл бөлімде журналистің өмірі мен еңбек жолдары кеңінен қамтылған.

II бөлім - «Серік етіп қаламды». Бұл бөлімде ұзақ жылдар бойғы еңбегі яғни, мерзімді басылымдарда жарияланған шығармалар тізімі берілген.

Жаднаманың III бөлімі - «Қарымды қаламгерді құрметтеп» деп алынды. Бұл бөлімде мерзімді басылымдарда әріптес іні-қарындастарының ой – пікірлері берілген.

IҮ-ші - «Тағылымы мол еңбек» бөлімінде - Жақсылық Жүнісұлының кітаптарына шолу жасалды.

Қарымды қаламгер «Сыр сандық» , «Дала дарабоздары», «Жылдар жаңғырығы», «Табиғатпен егізбін», «Қарымы бөлек қаламгер: толғамдар, пікірлер, арнау өлеңдер, қағытпалар», «Топжарғандар туралы толғау: сұхбат, ой-толғамдар, мақалалар» атты кітаптардың авторы.

Жаднаманың V бөлімі - «Суреттер сыр шертеді». Бұл бөлімде аты айтылып тұрғандай, Жақсылық Жүнісұлының әр-түрлі кездесулердегі және еңбек, өнер адамдарымен сұхбаттасу кезінде түсірілген естелік суреттері берілген.

Ізгілікті шарада мерейтой иесінің досы, ақын Серік Тұрғынбекұлының «Жақсылық жайлы жыр» атты өлең хатын кітапханашы Сымбат Көшкімбай мәнерлеп оқып берді. Тағылымды іс-шараға мерей той иесінің жұбайы Б. Оңайқызы, Н. Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің студенттері мен кітапхана қызметкерлері қатысып, замандасы Л. Ерғалиева мен «Кітапхана ісінің ардагері» А. Нұрманова жылы лебіздерін білдірді.

Әсерлі естеліктермен өріліп, әсем әнмен астасқан іс-шараны кітапхана директоры Қ.Бөрібаева қорытындылап, ардагер журналистке ескерткіш сыйлық табыс етті.

**Әсем**
**АХМЕТЖАНОВА,**
**Әдістеме – библиография бөлімінің меңгерушісі.**

Әсем Ахметанова. Қаламы ұшқыр журналист [Мәтін]/Ә. Ахметжанова// Торғай. – 2018. – 16 наурыз. – Б.4




# Әжелер сайысқа түсті

**Арқалық қаласындағы облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасының оқу залы бөлімінде, отбасының алтын діңгегі саналатын әжелерімізбен «Әй – әй әже, қай әже» атты әжелер сайысы өткізілді.**

Іс- шараның басты мақсаты әжелерімiздің ұлағатты сөздерін, істерін үлгі ете отырып, жастарымыздың бойына ата-бабамыздың әдет-ғұрпын, адамгершілік, инабаттылық,үлкенді сыйлау қасиеттерін сіңіру.

Көктем мерекесімен асыл әжелерімізді кітапхана басшысы Қазына Байсабекқызы құттықтап, жүрекжарды тілегін жеткізді.

Байқау бағдарламасы 7 кезеңнен тұрды. «Сәлем – сөздің атасы» кезеңінде әжелер өздерін таныстырды. «Салт-дәстүрім – ұлттық байлығым», «Халық тәлім –тәрбие бастауы» кезеңдерінде бәсекеге түсіп, «Өнерлі өрге жүзеді» бөлімінде өнерлерін ортаға салды, «Шебердің қолы алтын», «Әжемнің дәмді тағамы» , «Әжемнің ақ батасы» атты бөлімдерден де аналарымыз білімділігімен, мәдениеттілігімен, қазақтың салт-дәстүрін бойына сіңіріп өскен даналығымен өз деңгейлерінде өнерлерін көрсете білді.

Аналар кеңесінің төрайымы Бақытжамал Аяғанқызы, Құлайхан қажы Сабыржанқызы, «Кітапхана ісінің үздігі» төсбелгісінің иегері, Алма Жақсылыққызы, Арқалық қаласының әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторы, полиция капитаны Еркегүл Байдосова сайысқа төрелік етті.

Әділ қазылардың шешімі бойынша, Шынар Бекқожина анамыз «Әй – әй әже», Рузия Ғабдрахманова анамыз «Данагөй әже», Балдырған Нұрғалиева анамыз «Парасатты әже», Несіп Ғабдуалиева анамыз «Өнерлі әже» номинацияларымен марапатталып, сыйлықтар берілді.

Сайыс кезеңдерінің арасында аналарға арнап кітапханамыздың тұрақты оқырманы Ербол Тұяқұлы «Асыл әже», « Аяулы ана» әнін, Арқ МПИ студенттері Айдана «Әсем ән», Гүлизат «Құстар» әнін шырқады.

Сайысқа қатысушылар да, көрермендер де, мерекелік жақсы әсерде болғандарын айтып, алғыстарын білдірді.

**Кенжегүл ӘУБӘКІРОВА,**
**№ 2 ОҒӘК оқу залы бөлімінің кітапханашысы**

Кенжегүл Әубәкірова. Әжелер сайысқа түсті [Мәтін]/ К. Әубәкірова // Arqalyk habary. – 2018. – 16 наурыз. – Б.5



# Аққан жұлдыз жарығы...

**Қазақстанның халық әртісі Әнуар Боранбаевтың туғанына - 70 жыл**

Торғайым, топырағыңнан
айналдым-ай,
Ақ көңіл, адал менің халқым қандай.
Ардақты менің асыл мекенімді,
Дұшпанның сұқ көзінен сақта құдай.
Сәлем де аға, жеңге, бауырларға,
Сәлем де туған жерге, қауым елге.
Өнердің бір уығын қадап өткен,
Перзентін ұмытпасын туған жер де!

Қашанда қазақ халқы өз елінің дарабоз тарландарын асқақтата қастерлеген... Жерлесіміз, театр және кино өнерінің дарабозы Әнуар Боранбайұлындай біртуар тұлғаның тар жол, тайғақ кешу ғұмырынан ұлағатты әңгіме айту үшін Арқалық қаласында, №2 Облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының Өнер секторының ұйымдастыруымен «Аққан жұлдыз жарығы ...» тақырыбында портретті кеш өтті. Әнуар ағаның жетпісінші көктемінде актердің өмір жолынан естелік айтуға туған інісі Таңатқан Боранбайұлы қадірлі қонақ болып шақырылды. Әнуар ағаның сыныптастары: Бастап ағай мен Ұмсынай апай келіп, ағаның балалық шақтарынан түшымды әңгіме өрбітті. Амангелді ауданы, Әнуар Боранбаев атындағы орта мектебінің басшысы - Ержан Тілегенұлы, мұражай қызметкері – Гүлсара Ерғазина мен ұстаз – Шынар Аманжолова қатысып, мектеп жайлы, Әнуар Боранбаев мұражайы жайлы арнайы дайындаған слайдтарын көрсетті. Таңатқан бауыры Әнуар ағасының балалық шақ, өмір жолынан тебірене отырып жастарға тәрбиесі мол, актер өмірінен біраз мағлұматтар берді. Кітапханашылар дайындаған Әнуар Боранбайұлы жайлы шығарылған жадқама келген құрметті қонақтарға естелікке таратылды. Әнуар Боранбайұлы жайлы фотослайд, «Гауһар тас» киносынан үзінді көрсетілді. Портреттік кеш мәнін ашатын тәрбиелік сөздері бар «Ақтамбердінің» термесін, Ахмет Байтұрсыновтың «Аққум», Сегіз серінің «Гауһар тас» әндерін Облыстық Қазақ жасөспірімдер театрының әртісі, әнші-термеші Ораз Қонысқараұлы қазақтың киелі қара домбырасымен нақышына келтіре орындады. Халық Қаһарманы Әзірбайжан Мәмбетов: «Әнуар біздің Мұхтар Әуезов театрының ең басты рөлдерінде ойнау бақытына ие болды. Ол соңысымен де театр тарихында қалады» - деген екен. Бар - жоғы 51-жыл ғұмыр кешкен Әнуар Боранбайұлы өнер тарихында, елі мен ұрпақтарының жүрегінде мәңгіге сақталады.

Әлия ҚАРСАҚБАЙҚЫЗЫ,
№2 ОӘҒК, «Өнер» секторының меңгерушісі

Қарсақбайқызы, Әлия. Аққан жұлдыз жарығы... [Мәтін] : [Қазақстанның халық әртісі Әнуар Боранбаевтың туғанына - 70 жыл] / Әлия Қарсақбайқызы // Арқалық хабары. – 2018. – 20 наурыз. – Б. 3.

ЖАҢА КІТАП ОҚИЫҚ

# Кітап - өмір ұстазы



**Сондықтан жастар кітап оқуды күнделікті әдет қылуы тиіс. Кітап оқымай өмірді білу, білім алу мүмкін емес. Осы орайда Арқалық қаласындағы облыстық № 2 ғылыми әмбебап кітапханасының халыққа қызмет көрсету (абонемент) бөліміне келіп түскен жаңа кітаптарды оқырман назарына ұсынамыз.**

**Абдрахманов, С. Әдебиет әлемі [Мәтін]: сөз өнері туралы толғаныстар / С. Абдрахманов. - Астана : Фолиант, 2017. - 688 б.**

Жазушы шығармасына қырыққа жуық әңгімелері мен аудармалары еніп отыр. Оған мезгіл жағынан жарты ғасырдан астам уақыт қамтылып, студенттен бастап әр сала мамандары, шенеулік, қуғын- сүргін құрбаны, жауынгер солдат, депутат сынды қоғамдық ортада алуан түрлі орны бар адамдар өмірінен сыр шертіліп, солардың әр қилы тағдырлары арқылы әр түрлі саяси -әлеуметтік ахуалды бастан кешкен еліміздің бүкіл тіршілік тынысының кең панорамасы жасалған. Сонымен қатар әңгімелерде ұлт тағдыры, елдік мәселелер де қозғалады.

**Ахмет, Ө. Шығармалары [Мәтін] : әңгімелер мен аудармалар. 2-том. Шақшақ шерлі / Ө. Ахмет. – Астана : Фолиант, 2017. - 592 б.**

Автор бұл жаңа романында өмір мен өнер мәселесін қозғайды.Темір жолдың қос табанындай ешқашан бір- бірінен ажырамай қатар жүретін ащылы- тұщылы өмір мен оның өнер атты айналасының қоғамдағы сан қилы шарпысулары мен табысулары бар ғұмырын еңбегіне арнаған басты кейіпкер Төтемнің ой- толғаныстары арқылы суреттеледі.

Кітап оқырманды бірлік пен татулық, өзара сыйластық және шынайы махаббат пен отбасының тұтастығы үшін күресе білуі деген ұлағатты ойға жетелейді.

**Дүйсенбі, А. Аңыздар мен абыздар [Мәтін] : [ғылыми жинақ] / А. Дүйсенбі. – Астана : Фолиант, 2017. - 320 б.**

Бұл ғылыми жинақта аңыздық тұлғалар мен тарихи заманалар шежіресін, ел мен жердің сырлы құпиясын баяндайтын ғылыми ой-толғаулар мен ел жадындағы ескі әңгімелердің мәтіндік нұсқалары топтастырылып сараланған.

Шығармалар Жоғарғы оқу орнының студенттеріне аңыздық проза саласы бойынша жүргізілетін дәрістерде, арнайы курстар мен семинарларда пайдалануға көмекші құрал ретінде ұсынылған.

**Қашқари, М. Түрік сөздігі. 1- 2 том / М. Қашқари.; ауд. А. Егеубай. – Алматы : Арда, 2017. - 592 б.**

Бұл жинақ бүгінгі күні Елбасымыз көтеріп отырған халқымыздың Рухани жаңғыру үрдісіне айрықша ықпал ететін, ұлтымыздың рухани қазынасына қосылып отырған баға жетпес мұра. Түркі әлемінің ғұламасы, парасатты ғалым Махмұт Қашқаридың «Түрік сөздігі» қазақ тіліне тұңғыш рет аударылып, жарық көріп отыр.

Күлтегін, Тоньюкок, Өнгүн жазуларында да, Ж.Баласағұн, еңбектері жайлы айтылып,

Түрік сөздіктеріне түсініктер жазылған.

**Көпіш, Ә. Мәңгілік майдан [Мәтін] : роман- диалог. 1- кітап. Ұлангайыр. – Алматы : Өнер, 2017. - 336 б.**

Автор бұл кітабында (бір жанның мыңжылдық қасіреті) атты тарихи- психологиялық роман- диалогиясының 1-кітабында ХХ- ғасырдың басынан бастап қазақ даласына «қызылдар қырғыны» келу қарсаңына дейінгі кезеңде шығарманың басты қаһарманы Серкенің және оның айналасындағы адамдардың тағдырын, олар басынан кешірген оқиғалармен байланыстыра отырып, ұлттық дүниетанымымыз бен елдік санамызды бойтұмардай сақтау жолындағы кейіпкерлердің арпалысқа толы күресқерлік бітімін даралап көрсетеді.

**Сыдықов, Е. Әнет баба [Мәтін]: ғұмыры мен заманы / Е. Сыдықов., Ж. Артықбаев.** - Астана : Фолиант, 2017. - 256 б.

Бұл кітап хандық дәуірінде жасаған,қазақтың биі, әрі ғұламасы, Орта жүздің ел ағасы болған атақты Әнет баба туралы.

Кітапта Ұлы дала тарихында айрықша із қалдырған, шиеленісті дәуірдің қиын да қилылықты саяси мәселелерінің басы- қасында көрінетін, көп жағдайда үлкен жауапкершілік көтерген ірі тұлғалар арқау болады.

**Шашкин, Ж. Арқалық батыр [Мәтін]: пьесалар мен мақалалар / Ж. Шашкин. - Алматы. - 2017. - 384 б.**

Кітапта қазақ театры мен музыка өнерінің жұлдыздары атанған атақты актерлер Қ.Қуанышбаев, С.Қожамқұлов т.б , әйгілі әншілер Ә.Қашаубаев,К.Байсейітова т.б сахналық ұстазы болған, республикамыздың алғашқы халық әртісі, тұңғыш режиссері, драматург, театр қайраткері Ж.Шашкиннің шығармашылық ой- қиялынан туған комедиялары, драмалары мен трагедиялары жайлы айтылады.

Сонымен қатар бірнеше пьесалар жинақталған.

Міне, қадірменді оқырман қауым, сіздерді қадірлі достарыңыз асыға күтеді. Келіңіздер!

**Зайра СЫҒАЕВА,**
**кітапхана қызметкері.**

Зайра Сығаева. Кітап - өмір ұстазы [Мәтін]/ З. Сығаева// Торғай. – 2018. – 30 наурыз. – Б.3

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

БАЛАЛАР КІТАП АПТАЛЫҒЫ

# Кітап - рухани жаңғыру құралы

**№2 Облыстық ғылыми әмбебап кітапханасының «Балалар әдебиеті бөлімі» мен мектеп кітапханаларының ұйымдастыруымен «Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күніне» орай «Кітап – рухани жаңғыру құралы» атты балалар кітап апталығы өтті.**







Апталық барысында әр күн сайын «Рухани жаңғыру» аясында қала мектептерінде бірнеше іс-шара ұйымдастырылды. Кітапхана қабырғасында өткен шағын концерттік бағдарлама мерекені жандандыра түсті. Балалар бөлімінің кітапханашылары қонақтарын қоян мен маймыл киімін киіп қарсы алды. «Ғажайып алаң» атты танымдық ойын ойнатып, жаңа кітаптармен таныстырды.

Әліппеден әріп танып, білімнің сан түрлісін игеріп, тұлға ретінде қалыптасуға рухани азық беретін «кітап» атты киелі ұғым тарихтардың жалғасы, мәдениеттіліктің мәртебесі, тәрбиенің ұтымды құралы болып табылады.

Кеш соңында кітапхана атынан белсене атсалысқан оқырмандарға, мектеп кітапханашыларына, оқушылар мен сынып жетекшілеріне алғыс білдірілді. Айрықша белсенділік танытушылар мақтау қағаздарымен марапатталып, түрлі сыйлықтарға ие болды.

Қазақтың көркем тілі – қазақ тілі қазақтың көркем әдебиетінде. Әр ұлттың әдебиеті мен тілі ең алдымен әр ұлттың өзіне керек екені айқын. Жас ұрпақты кітапқа, оның ішінде қазақ тілінде жазылған туындыларды оқуға баулу - біздің парызымыз деп білемін.

**Марал ӘСКЕРБАЙҚЫЗЫ,**
**№2 ОӘҒК Балалар бөлімінің қызметкері.**

Марал Әскербайқызы. Кітап – рухани жаңғыру құралы [Мәтін]/ М. Әскербайқызы // Торғай. – 2018. – 14 сәуір. – Б.3

Балалар кітап апталығы

# ҚЫЗЫҚТЫ ӨТКЕН АПТАЛЫҚ

Ш.Уәлиханов атындағы №1 ме[illegible] салтанаты болды. А. Құнанбаев атындағы [illegible] мектептің 3 «в» сынып оқушылары және сынып жетекшісі Садуова Жанар балалар кітап апталығын ашып берді. Балалар мерекелік бағдарламада ойын ойнап, викториналық сұрақтарға жауап беріп, сыйлықтар таратылды. Апталықтың екінші күні № 4 мектеп кітапханашыларының ұйымдастыруымен «Астана – еліміздің жүрегі – Астана – сердце нашей страны» атты тақырыпта өлеңдерден сайыс, көрініс және музыкалық нөмірлер қойылды. Үшінші күні №4, №2 мектептердің ұйымдастыруымен «По следам сказок Шарля Перро» (390 жас) тақырыбында әдеби мереке болды. Ы. Алтынсарин атындағы гимназияның 5 сынып оқушылары «Күлшеқыз» кітабынан ағылшын тілінде көрініс қойса, № 2 мектептің оқушылары «Қызыл телпек» ертегісін бейнеледі. Соңынан ертегіші әжей кітап көрмесімен таныстырды. Төртінші күні А. Құнанбаев атындағы № 6 мектептің кітапханашыларының ұйымдастыруымен «Бақытты балалар жыршылары» (М. Қабанбаевқа 70 жыл, М.Әлімбаевқа 95 жыл, Е. Өтетілеуовке 80 жыл) шығармаларынан әдеби қонақжай өтті және көрме-викторина жасалды. Марат Қабанбаевтың «Бауырым» атты [illegible] оқушылар [illegible] облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының балалар әдебиеті [illegible]де, балалар кітап апталығының жабылуы өтті. Шағын концерттік бағдарлама мерекені жандандыра түсті. Балалар бөлімінің кітапханашылары Қоян мен Маймыл киімін киіп қарсы алды. «Ғажайып алаң» атты танымдық ойын-сайысын ойнатып, жаңадан келіп түскен кітаптармен таныстырды. Кеш соңында белсене атсалысқан оқырмандарымызға, қалалық мектеп кітапханашыларына, №6 мектептің 3 «в» сынып оқушылары, сынып жетекшісі Жанар Садуоваға ерекше алғыс білдіріп, мақтау қағаздарымен марапатталып, түрлі сыйлықтар таратылды. Қазақтың көркем тілі – қазақ тілі қазақтың көркем әдебиетінде. Ал әр ұлттың әдебиеті мен тілі ең алдымен әр ұлттың өзіне керек. Қазіргі қазақ қоғамының алдында жас ұрпақты кітапқа, оның ішінде қазақ тілінде жазылған кітапқа баулу біздің парызымыз деп білемін. 2 сәуір – Халықаралық балалар кітаптарының күні бала өмірінің дағдысына айналса игі, ағайын.

***Марал Әскербайқызы***
*№2 ОӘҒК Балалар бөлімінің қызметкері*
*Арқалық қаласы*



Қазалы аудандық білім бөлімінің және Барсакелмес мемлекеттік табиғи қорының бірлесіп ұйымдастыруымен 11 сәуір күні 204 мектеп базасында Республикалық «Пәрктер шеруі - 2018» табиғат қорғау аясында «Жас экологтар» слеті болып өтті. Оған 14 мектеп қатысып, нәтижесінде «Арал өңірінің немесе туған өлкенің экологиялық жағдайын жақсарту бойынша макет-жоба әзірлеу» бағыты бойынша I орынды 249 мектеп, II орынды 216 мектеп, ал III орынды 266 мектеп-лицейдің оқушылары, «Өңірде жасыл технологияларды пайдалану бойынша ғылыми-жоба» бағыты бойынша I орынды 70 мектеп, II орынды 17 мектеп, III орынды 182 мектеп оқушылары, «Табиғат, табиғатты қорғау, аялау тақырыбында оқушылардың өз шығармашылығынан эссе, өлең оқу» бағыты бойынша 204, 216, 249, 90, 17, 16, 70 мектептердің оқушылары алғыс хат иемденді. 90 мектептің мұғалімі Жалелова Динара «Ең үздік экологиялық сабақ» номинациясын жеңіп алды. Ерекше көзге түсіп, жеңіске жеткен оқушыларға Барсакелмес қорығының атынан сыйлықтар, төсбелгі мен галстук табысталды.

**Қызылорда облысы**

Марал Әскербайқызы. Қызықты өткен апаталық [Мәтін]/ М. Әскербайқызы//Балбұлақ.- 2018. - № 4. – 8 б.

# Ерлік толы даламыз, батыр біздің бабамыз

**Облыстық № 2 әмбебап - ғылыми кітапханасының «Әдістеме – библиография» бөлімі «Ерлік толы даламыз, батыр біздің бабамыз» атты библиографиялық көрсеткішті: Халық батыры, 1916 жылғы Торғайдағы кедейлер көтерілісінің басшысы, жалынды болшевик, Азамат соғысының қаһарманы А. Имановтың туғанына - 145 жылдығына орай шығарып, оқырман назарына ұсынды.**

Аманкелді Үдербайұлының есімі ержүректіліктің, қайтпас қайсарлықтың, революция ісіне қалтықсыз берілгендіктің үлгісі ретінде Кеңес Одағының қаһармандық шежіресіне мәңгі енді. Ол қалың бұқара ортасынан шыққан коммунист - революционер, өз Отанын, халқын жан - тәнімен сүйген патриот.

Қазақ халқының батыр ұлы Аманкелді өзінің бүкіл саналы да ерлікке толы өмірін большевиктер партиясының ісіне арнады. Ол қарапайым шаруалар арасынан шығып, саналы күрескер дәрежесіне көтерілді. Атын шығарған жеке басының қасиеттерінің арасында: қажыр - қайратқа толы батырлығы, шындық пен әділдік сүйгіштігі, халық ісіне ақырына дейін берілгендігі оны басқалардан даралап, ерекшелеп тұрды.

Халық батыры А. Иманов бейнесі жыл өткен сайын әр қырынан ашылып, толығып келеді. Елін сүйген, халықтың қамын жеген ардагердің бүкіл өмір жолы бүгінгі ұрпаққа патриоттық, отаншылдық тәрбие берудің өшпес өнегесі. Батыр өмірінің үлгілі өнегесі соңғы ұрпақ санасында да берік қалыптасып, жалғаса бермек.

Библиографиялық көрсеткіш: «Азаттық үшін алысқан ер», «Азаттық туын көтерген, халықтың ұлы – қас батыр!» атты бөлімдерден тұрады. Сонымен қатар мерзімді басылым беттерінде жарияланған батыр туралы естеліктер мен толғаулар, өлеңдер берілген. Қазақ ауыз әдебиетін дамытуға өзіндік үлес қосқан, өз заманының дүлдүлі, арқалы, рухты, дара дарын Қопабай баласы Қарсақ ақынның 1944 жылы Аманкелді батырдың жау қолынан қаза тапқанына 25 жыл толуын еске түсіруге арнаған үлкен толғауы енгізілген. А. Имановтың өмірі мен қызметінің қысқаша хроникасы жазылған. Халық батыры туралы жазылған әдебиеттер және мерзімді басылымдарда жарияланған мақалалар тізімі әліпбилік ретпен орналасқан. Батыр туралы баспасөз бетіндегі жарияланымдар мен фотосуреттер және басылым соңында көмекші құрал ретінде есімдердің алфавиттік көрсеткіштері берілген.

Библиографиялық көрсеткіш: тарихшыларға, ғылыми қызметкерлерге, оқытушылар мен студенттерге, ел тарихын білгісі келетін барша оқырман қауымға арналған.

**Гүлнәр КЕНЖЕҒАЗЫҚЫЗЫ,**
**әдістеме - библиография бөлімінің библиографы.**

Гүлнар Кенжеғазықызы. Ерлік толы даламыз, батыр біздің бабамыз [Мәтін]/ Г. Кенжеғазықызы // Торғай. – 2018. – 14 сәуір. – Б.3

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

# Поэзия тарланы

*«Ағылшындар үшін Шекспирдің,*
*орыстар үшін Пушкиннің*
*рөлі қандай болса,*
*қазақ халқы үшін Мағжанның*
*рөлі сондай».*
**Әлкей Марғұлан.**

**Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарлама аясында облыстық №2 әмбебап - ғылыми кітапханасындағы абонемент бөлімінің ұйымдастыруымен қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, ақын, публицист М. Жұмабаевтың - 125 жылдық мерейтойына арналған «Поэзия тарланы» атты әдеби кеш өткізілді.**

Кеш мақсаты: ақынның шығармашылығын жан-жақты насихаттау, оқырманның поэзияға деген қызығушылығын арттыру, ақынның асыл мұрасын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу.

Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығы, поэзия әлеміндегі алатын орны, ақынның қуатты өлеңдері арқылы жастардың жүрегіне от беретін үнді, әуенді поэзия кешін Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педогогикалық институтының қазақ тіл және әдебиет факультетінің студенттері Қолғанат Карбоз бен Нұрдана Тұрыспек жүргізді.

Ақын өлеңдерінде адам мен табиғат астасып жатады. Қай шығармасында да Мағжан осы екі ұғымды бірлікте алып жырлайды. Бір өлеңінде анасына, жарына, жалпы адамға деген махаббатын туған жерге қатысты сезімімен ұштастырып жатса, енді бір жырларында сол табиғаттың асыл жемісі – адамды бәрінен жоғары қояды. «Бәрінен де сен сұлу» , «Туған жер» өлеңі өзіндік халық арасына кең таралған. Біреулер бұл әннің авторы Мағжан екенін біліп, біреулер білмей жаттап өсті.

Кешке Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің музыка бөлімінің студенттері Саят Рысмағанбет пен Алтынхан Якуда өз арнауларын арнап Мағжанның әндерін орындады.

Бейнежазбадан көрермендер Мағжанның жұбайы Злиха апа мен келіні Бибізайып Бекенованың ақын туралы естеліктерін тыңдады. Мағжанның «Батыр Баян» поэмасынан үзіндіні Бибіхан Әбсадықова өз нақышына келтіріп оқып берсе, Гулизат Орынбекова «Ана» туралы әнді домбырамен шырқап берді.

Кеш соңында «Мағжан» атты фильмнен үзінді көрсетіліп, «Алаш үнін асқақтатқан ұлы ақын» атты кітап көрмесіне шолу жасалды.

Арқалық көпсалалы колледж студенттері мен кітапхана қызметкерлері кеш қонақтары болып қатынасты. Келген қонақтар көрнекті ақынның өмірбаяны және шығармашылығымен сусындап, өздеріне қажетті көптеген мағлұматтарды алды.

**Л. ИСАБЕКОВА,**
**№2 ОӘҒК абонемент бөлімінің кітапханашысы.**

Л. Исабекова. Поэзия тарланы [Мәтін]/ Л. Исабекова // Торғай. – 2018. – 14 сәуір. – Б.7

# Ұлттар достығы – ел байлығы

**Қазақстан халқы бірлігі күні мерекесі қарсаңында №2 ғылыми-әмбебап кітапханасының Өнер секторында, меңгеруші Әлия Аубакированың ұйымдастыруымен «Ұлттар достығы – ұлт байлығы» тақырыбында сырласу кеші өтті.**



Кештің қадірлі қонағы украин ұлт өкілінен Миронова Валентина Григорьевна, басқа да шақырылған қонақтар және Торғай гуманитарлық колледжінің студент жастары болды.

Жүргізуші Әлия Қарсақбайқызы кешті ақын Қ.Қалиевтің «Байтақ елім» атты өлең жолдарымен ашып, кіріспе сөзімен жалғастырды.

Президентіміз Н.Назарбаевтың бастамасымен құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясының еліміздегі ұлтаралық келісім мен татулық, рухани жарасымды дамытудағы мән-маңызы орасан зор. Қазақ еліндегі өзге ұлт өкілдерінің ұрпағының тамырын терең жайуына Елбасымыздың өзі бас болып қолдау көрсетті. Сондықтан, өткен тарихымызды сақтай отырып, елімізде татулық пен келісімнің тұрақтылығы сақталуы қажет екендігіне жүргізуші кеңінен тоқталып өтті.

Мерекелік кеш шашуы – әсем әннен соң сөз кезегі Валентина Григорьевнаға берілді. Ол [illegible] республикасының Хмельницкий облысы, Нижние Волковцы селосында, ұлты украин, қызметкер отбасында дүниеге келген. Білімі техникалық арнаулы орта. 1979 жылы өз еркімен, отбасымен Қазақстанға, Арқалық қаласына келген. Қазақ жерін, қонақжай, бауырмал халқын, өнерлі жастарын қатты ұнатады, ешқайда кеткісі жоқ. Украинадағы ағасымен жылдар бойы байланысы жоқ екенін айтып қынжылады. Көпшілік сұрауымен украин халық әні «Рушник», Т.Шевченконың сөзіне жазылған «Ревет и стонет Днепр широкий» әндерін орындады. Кеңес заманында өңдері орындаған таныс әндерді Әмина Сарманова, Галия Байзақова, басқа да кеш қонақтары қосылып айтып, мәз болды. Көрмедегі өз қолынан шыққан ұлттық кестелі әйел жейдесі, белдемше, түрлі ленталар тағылған гүлтәжі, шілтерлі бұйымдар көрермендердің қызығушылығын арттырды. Украин ұлттық тағамдарына тоқтала отырып, өз қолынан дайындап әкелген ірімшік қосылған бәліштен көпшілікке қо-[illegible]

Валентина Григорьевна «Қазына» халық хорының белсенді мүшесі, қазақ әндерін шебер орындайды, еш бір адамды жатсынбайды, қамқоршыл, мейірімді жан.

Кеш барысында қонақтар мен қатысушылар Ахмет Жұбановтың «Ақ көгершін» әнін бір әуенмен – хормен нақышына келтіре орындады.

Іс-шара соңында сөз алушылар сырласу кеші қызықты болғанын, қонақтарға алғысын, ұйымдастырушыға ризашылығын білдірді. Өз кезегінде Әлия Қарсақбайқызы кеш қонағына ұлтаралық татулықты нығайтып, еліміздің өркендеуіне үлесін қосып жүрген Валентина Григорьевнаға алғыс айтып, сый-сыйлапат жасады.

Қорыта айтқанда, бұл іс-шара елімізде татулық пен тұрақтылықтың мәңгілік сақталуына әрқайсысымыз өз үлесімізді қосуымыз керек екендігін білдіреді. Өйткені, ұлттар достығы – ел тыныштығы, ұлт байлығы.

Бақытжамал АЯҒАНҚЫЗЫ,

Аяғанқызы, Бақытжамал. Ұлттар достығы – ел байлығы [Мәтін] : [Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының өнер бөліміндегі іс-шара туралы] / Бақытжамал Аяғанқызы // Арқалық хабары. - 2018. - 5 мамыр. – Б. 7.

# ӘНІМЕН ТЕРБЕГЕН КЕҢ ДАЛАНЫ

**Қазақтың ұлтжанды ұлдарының бірі – өнерімен елін сүйсіндірген, жүрегінен жарып шыққан саз әуенімен халқының өмірін өрнектеген, мәңгі өшпес махаббатты жырлаған, туған жеріне перзенттік парызын өтеуде үлгі-өнегесін қалдырған композитор, дирижер Болат Хамзиннің *(1938-1992)* жарқын өміріне жарқын ескерткіш, өлмейтін рухына тағзым етіп жүру әр өнер сүйер ұрпақтың міндеті болса керек.**



«Торғай» деп аталатын ұлан-ғайыр кең далада Болат Хамзиннің әндері шырқалмайтын шаңырақ, мәдениет орны жоқ десе болады. «Жайнаған дала көктемдей, Шуағын жанға төккендей» деп әуезді әнімен танымал, сазгер, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Болат Хамзиннің 80 жылдығына Арқалық қаласындағы облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасында «Әнімен тербеген кең даланы» тақырыбында кеш ұйымдастырылды. Естелік кеші сазгердің осы өшпес өнерін өскелең ұрпаққа рухани жаңғырту мақсатында болды.

Сазгердің студент күндерінен өзінде-ақ домбырашылық өнерінің арқасында әйгілі театр таланттарымен бірге ел аралап, шығармашылық сапарларда жүргені, консерваторияны бітіргелі тұрған Болат ағаға Алматыға қалуға ұсыныс болса да шалғайдағы Торғайға келгені, саналы бар өмірі бір ғана мекені – Торғайда өткені, өзінің туған Торғайында ақтық демін әкетқаны, өмірі мен өнер жолы естелік болып айтылды. Өнер пірі қонған, мәдениеті ерте дамыған Торғай өлкеде Ахмет атамыздың Ақжұмына басқан, Нұрхан бабамыздың «Қарға» мен «Есімсерісін» тұтылған, Бақытжан Байқадамов музыкасының бастауын алған бір кездегі Торғай мәдениетін Болат ағадай оқыған, талантты ерен келіп шыңға шығарған жалғастырушысы еді.

Кеште Болат Хамзиннің әр саланы қамтыған әндеріне тоқталып, сазгердің тікелей шәкірті Жақсыгүл Бейтірясованың орындауында «Жас Отау» *(сөзі: Таңатқан Сәтбаев)*, әріптесі және шәкірті болған Отаргүл Мұқатованың орындауында «Торғай қызы» *(сөзі: Серік Тұрғынбеков)*, жас әнші Ажар Қасымзанованың орындауында «Қайдасың, Шолпаным-жұлдызым» *(сөзі: Серғали Сеоіков)* әндері орындалды. Еңбек ардагері Бақытжамал Авғанқызы, әнші Отаргүл Оразбайқызы, ақын-термеші Қуанышбай Қабенұлы сазгердің өмірі мен өлеңге өтелен еңбектерінен естелік әңгімелер айтты.

Кеш соңында оқылған ақын Қуанышбай Қабенұлының «Мәңгі жасай береді!» деп аталатын арнау өлеңін төменде оқырман назарына ұсынып отырмыз.

Еске алып жатыр ел Болатын,
Кезінде ол сексен жасқа толатын.
Бүгінгі күн өрендері қастерлеп,
Болашаққа жеткізеді зор атын.

Сан қырынан көрінетін жан еді,
Кеудесі күй, көмейі ән еді.
Қатарларын батыратын күлкіге,
Әйтқыштық та ол кісіге тән еді.

Сымбатты ақын таңдай арайы,
Сұлу еді оның ішкі сарайы.
Өнерпаздар үлгі тұтып өнерін,
Саңлақтардың сан өтетін талайы.

Жақсылығын біледі жұрт жанаған,
Періште боп туған жан қой анардан.
Көп бүгін кезде жастар Торғай елінде,
Хамзаұлын ұстазым деп санаған.

Өмірінің жетіп жатыр дерегі,
Тілге тиек етуге сол керегі.
Елі барда қадірлейтін өнерін,
Болат сазгер мәңгі жасай береді!

***Әлия ӘУБӘКІРОВА,***
*№2 ОӘҒК, Өнер секторы,*
*Арқалық қаласы*

Әубәкірова, Әлия. Әнімен тербеген кең даланы [Мәтін] : [композитор, дирижер Болат Хамзиннің 80 жылдығына арналған кеш] / Әлия Әубәкірова // Қазақ. - 2018. - 18 мамыр. - Б. 11.

# Бақытын білімнен тапқан ұстаз

**Облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасының «Әдістеме – библиография» бөлімі білім мен тәрбие саласында еселі еңбек еткен ардагер - педагог, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, «Қаз ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері», «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері», Арқалық қалалық Ардагерлер Кеңесінің төрағасы Жәнібек Ғапбасұлының 70 жылдық мерей тойына арнап «Бақытын білімнен тапқан ұстаз» атты жадނаманы жарыққа шығарды.**

К

Жадނаманың шығу мақсаты: оқырман қауымға ұстаздардың ұстазы болған, елге танымал тұлға Жәнібек Ғапбасұлының өмірі мен еңбек жолын таныстырып, шығармашылық еңбектерін насихаттау.

Жадނама 4 бөлімнен тұрады.

1- ші бөлімі- «Өмір жолы - өнеге» деп аталды. Бұл бөлімде Жәнібек Ғапбасұлының өмірі мен еңбек жолдары кеңінен қамтылған.

2- ші бөлім- «Мерзімді басылымдардағы жарияланымдары». Жәнібек Ғапбасұлы не жазса да жауапкершілік пен жинақылықтан ауытқымауы, қара қылды қақ жаруға тырысуы – оның қолтаңбасының басты ерекшелігі еді. Қашанда айтар ойын шегелеп, нақталап жеткізеді. Оның көкейтесті мәселелер көтеріп, көпшілікті елең еткізерлік, өзекті мәселелерді арқау еткен мақалалары газет беттерінде басылған. Бұл бөлімде Ж.Ғапбасұлының сонау 1993 жылдан 2017 жылға дейінгі мерзімді басылымдарда жарияланған шығармалар тізімі берілген. Сонымен қатар, осы бөлімде газет бетінде жарық көрген ол туралы мақалалар тізімі берілген.

3- ші бөлімі - «Еңбек етсең еленерсің, атақ- даңққа кенелерсің» деп аталады. Бұл бөлімнен Жәнібек Ғапбасұлының толассыз еңбегінің еленуі арқасында алған бірнеше медальдарын көруге болады.Сонымен қатар мерзімді басылым беттерінде жарияланған ұстазға арналған арнау өлеңдер мен ол туралы замандастарының жылы лебіздері берілген.

4 - ші бөлім - «Суреттер сыр шертеді». Бұл бөлімде аты айтылып тұрғандай, Ж.Ғапбасұлының әртүрлі кездесулердегі және отбасылық суреттері берілген.

Жадނама жастарға, оқушыларға, ел ағасы, ұстаз Ж.Ғапбасұлы туралы білгісі келетін барша оқырманға арналған.

**Сәуле ЕРМАҒАНБЕТ,**
**кітапхана библиографы.**

Сәуле Ермағанбет. Бақытын білімнен тапқан ұстаз [Мәтін] / С. Ермағанбет// Торғай. – 2018. – 25 мамыр. – Б.4

# Тәуелсіздікке тарту

**Облыстық № 2 ғылыми - әмбебап кітапханасының «Әдістеме-библиография» бөлімінің ұйымдастыруымен «Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық» күніне орай Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Тәуелсіздік дәуірі» атты кітабының тұсаукесер рәсімі өткізілді.**

Егеменді еліміздің тарихын баяндайтын бұл туындыда мемлекеттің негізі қаланған күннен бастап оның қалыптасу кезеңдерінің ерекшіліктері мен 26 жылдық тәуелсіздік дәуіріндегі қабылданған шешімдердің мән-мазмұны толықтай баяндалған.

Қазақстанды жаңғыртудың үш толқыны кеңінен ашып көрсетілген. Бірінші және екінші жаңғырту аясында тоталитарлық жүйеден түбегейлі ажырап, нарықтық экономиканы құру және бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына қосылу міндеті мерзімінен бұрын орындалғандығы туралы жазылған. Үшінші жаңғыртудың мақсаты – елімізді қалыптасқан жаңа жаһандық ахуал жағдайында жаңғырта отырып, әлемдегі ең өркенді 30 мемлекеттің қатарына қосу.

Бұл іс-шараны өткізудегі мақсатымыз оқырмандарға Елбасының «Тәуелсіздік дәуірі» кітабын насихаттай отырып, Тәуелсіздіктің тарихын біліп құрметтеуге, Тәуелсіз Қазақстан туралы білімдерін кеңейтуге, ел тарихындағы саяси оқиғалардың маңыздылығын ажырата білуге, еліміздің Тәуелсіздік алғаннан бергі жетістіктерімен танысуға, сонымен қатар келешек ұрпақтың бойына ұлттық намыс, ұлттық мінез қалыптастырып, Отанымыз Қазақстанды өркендетуге білімді де саналы, жігерлі жастарды тәрбиелеу.

Тарихи басылымның тұсаукесер рәсімі Арқалық қаласының құрметті азаматы, облыстық «Шабыт» сыйлығының, Республикалық ардагерлер ұйымының «Құрметті ардагері» Кәки Аханға берілді. Іс-шараны жүргізуші әдістеме-библиография бөлімінің қызметкері Әйгерім Әлмағанбетова кітаптың «Мемлекетіміздің дүниеге келуі. Қазақстанның бірінші жаңғыруы», «Ұлы бетбұрыс. Қазақстанның екінші жаңғыруының басталуы», «Қиыға құлаш сермеу. Қазақстанның екінші жаңғыруы», «Қалыптасқан мемлекет. Қазақстанның үшінші жаңғыруы» бөлімдеріне жеке-жеке тоқталып мәліметтер берді.

Тұтастай елдің тарихын қамтитын бұл жаңа туындының әр бөліміне тоқталып өткен сайын, кеш қонақтары «Нұр Отан» партиясы, Арқалық қалалық филиалының кеңесшісі Жандос Рахметов, қалалық мәдениет сарайының музыкалық жетекшісі Меңдігүл Қайсарбекқызы, облыстық «Дала өлкесі тарихы» мұражайының қызметкері Рая Хасенова, киелі шаңырақтың ныгаюына сүбелі үлесін қосып келе жатқан «Кітапхана ісінің ардагері» Алма Нұрманова сөз алып, тарихи туынды жайындағы ойларын ортаға салды.

Н. Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің МД - 21 бөлімінің 2 курс студенттері қатысып, Мемлекет басшысы Н. Ә. Назарбаевтың тарихи публицистика жанрында жазылған шығармасынан көптеген мәліметтер алды.

Мәдени – рухани шараны кітапхана басшысы Қазына Бөрібаева қорытындылады.

**Гүлнар КЕНЖЕҒАЗЫҚЫЗЫ,**
**әдістеме-библиография**
**бөлімінің библиографы.**

Гүлнар Кенжеғазықызы. Тәуесіздікке тарту [Мәтін]/ Г. Кенжеғазықызы // Торғай. – 2018. – 1 маусым. – Б.4

# Ерлік толы даламыз

**1916 жылғы Ұлт - азаттық көтерілісінің басшысы, халық батыры А. Имановтың туғанына 145 жылдығына орай облыстық №2 ғылыми - әмбебап кітапхананың «Әдістеме-библиография» бөлімі «Ерлік толы даламыз, батыр біздің бабамыз» атты библиографиялық көрсеткішті оқырман назарына ұсынды. Аманкелді Имановтың есімі ержүректіліктің, қайтпас қайсарлықтың, революция ісіне қалтықсыз берілгендіктің үлгісі ретінде Кеңес Одағының қаһармандық шежіресіне мәңгі енді. Ол - қалың бұқара ортасынан шыққан коммунист-революционер, өз Отанын, халқын жан-тәнімен сүйген патриот.**



Қазақ халқының батыр ұлы Аманкелді өзінің бүкіл саналы да ерлікке толы өмірін большевиктер партиясының ісіне арнады. Ол қарапайым шаруалар арасынан шығып, саналы күрескер дәрежесіне көтерілді. Оның атын шығарған жеке басының қасиеттерінің арасында қажыр-қайратқа толы батырлығы, шыншылдық пен әділдік сүйгіштігі, халық ісіне ақырына дейін берілгендігі оны басқалардан даралап, ерекшелеп тұрды.

Халық батыры А. Иманов бейнесі жыл өткен сайын әр қырынан ашылып, толығып келеді. Елін сүйген, халықтың қамын жеген ардагердің бүкіл өмір жолы бүгінгі ұрпаққа патриоттық, отаншылдық тәрбие берудің өшпес өнегесі. Батыр өмірінің үлгілі өнегесі соңғы ұрпақ санасында да берік қалыптасып, жалғаса бермек.

Библиографиялық көрсеткіш «Азаттық үшін алысқан ер», «Азаттық туын көтерген, халықтың ұлы – қас батыр!» атты бөлімдерден тұрады. Сонымен қатар мерзімді басылым беттерінде жарияланған батыр туралы естеліктер мен толғаулар, өлеңдер берілген. Қопабай баласы ақын Қарсақ қазақ ауыз әдебиетін дамытуға өзіндік үлес қосқан, өз заманының дүлдүлі, арқалы, рухты, дара дарын Қарсақ ақынның 1944 жылы Аманкелдінің ауылында оның жау қолынан қаза тапқанына 25 жыл толуын еске түсіруге арналған жиында толғаған үлкен толғауы енгізілген.

Аманкелді Имановтың өмірі мен қызметінің қысқаша хроникасы жазылған. Халық батыры туралы жазылған әдебиеттер және мерзімді басылымдарда жарияланған мақалалар тізімі әліпбилік ретпен орналасқан. Батыр туралы баспасөз бетіндегі жарияланымдар мен фотосуреттер және басылым соңында көмекші құрал ретінде есімдердің алфавиттік көрсеткіштері берілген.

Библиографиялық көрсеткіш тарихшыларға, ғылыми қызметкерлерге, оқытушылар мен студенттерге ел тарихын білгісі келетін барша оқырман қауымға арналған.

**Гүлнар КЕНЖЕҒАЗЫҚЫЗЫ,**
**әдістеме-библиография бөлімінің библиографы.**

Гүлнар Кенжеғазықызы. Ерлік толы даламыз [Мәтін]/ Г. Кенжеғазықызы // Торғай. – 2018. – 1 маусым. – Б.7

қаласы бойынша мемлекеттік оқыту орталығының әдіскері



# Сәбидің күлкісі – әлемнің сыңғыры

№ 2 облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының Балалар әдебиеті бөлімінде, Халықаралық балаларды қорғау күніне орай, балаларға шын көңілден шаттық, көңіл-күй сыйлап, мейірімділікке баулу, шығармашылық қабілеттерін шыңдау мақсатында, «Сәбидің күлкісі – әлемнің сыңғыры» атты мерекелік кеш ұйымдастырылды.

Балалар әдебиеті бөлімінің қызметкерлері бүлдіршіндерді ертегі кейіпкерлерімен қарсы алды.

Мерекелік іс-шарамызды қаламыздағы «Алпамыс», «Ақбота», «Золотой ключик», «Раушан» балабақшаларынан келген бүлдіршіндеріміз тамашалап, өз өнерлерін ортаға салып, ән айтып, би биледі. Қонақтарды шара соңында мақтау қағазымен марапаттап, қошеметімізді көрсеттік. Балаларға жаздың тамаша күніндей нұрлы, көңілді, қуаныш-шаттыққа толы бақыт тіледік.

Балаларды қорғау дегеніміз - әрбір сәбидің тыныштығын қорғау, тәтті ұйқысын бұзбау, алаңсыз күлкісін тоқтатпау деген сөз. Ашық аспандай, нұрын шашқан күн сәулесіндей біздің балаларымыз бейбіт өмір сүрсе, олардың жүректерін қайғы мұң шалмаса, сол - бақыт! Дәл осы күні болашақта адамгершілікке, әділдікке, баянды өмірге толы қоғам құру үшін оның негізі - балаларға барлық жағдай жасау керектігі тағы да паш етіледі. Балаларды қорғау күні мереке ғана емес, сонымен қатар, болашаққа бағдар жасайтын маңызды шараның бірі болмақ.

**Жұлдыз ӘБЖАНОВА,**
**№2 ОӘҒК балалар**
**бөлімінің қызметкері**

Әбжанова, Ж. Сәбидің күлкісі - әлемнің сыңғыры [Мәтін]/ Ж. Әбжанова// Arqalyk habary. – 2018. – 8 маусым. – Б.3

# Зиялы ойдың көк тіреген заңғары





Нұрманова, А. Зиялы ойдың көк тіреген заңғары [Мәтін]/А. Нұрманова// Торғай. – 2018. – 8 маусым. – Б.4